

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.І, Ч.3 – Б. 41-44

МӘДЕНИ- САУЫҚТЫРУ КЕШЕНДЕРІНІҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Диярова А.Е.

Мәдени- сауықтыру кешендерінің пайда болумен даму тарихы, қала көрінісінің ортасымен, әлеуметтік және мәдени сәулеті қырынан, спортты және уақыт өткізу орталығы, шипажай және сауықтыратын орындарынан тұрады. Спорттық-сауықтыру аймақтары және шипажайды адамдар ежелден бері пайдаланып келеді. Көне заманнан бері адамдар табиғат қорын сауықтыру үшін пайдалана білген. Өте байырғы және көне замандағы (қола дәуірі) материалды айғақ болып, швейцариядағы шипажай Санкт Мориц сауықтыру аймағындағы капиталды ғимараттың үйінділері болып келеді. Осы сияқты қираған ғимараттар рим әмірлігі кезеңінен Румыния заманауи шипажайларында, Италия аумағында және Неаполитан шығанағы жағалауында сақталған.

Еуропа аумағында ХІХ ғасырда неміс курортологиялық мектебі құрылды, оны әрі қарай қолдаушы болып Германия, Австрия, және Швейцария, Чехия және Словакия болып табылады. Осы елдерде сауықтыру аймақтары жоғары дәрежеде дамыды. Сондықтан да, бай дәстүрлі қалыптастыру аймақтары деп осы елдерді айтуға болады, себебі, лоардың табиғи-рекрециялық қоры, дамыған инфрақұрылым, заманауи көлемді-жоспарланған құрылым, архитектуралық нысандарымен тартады [1].

Бұрынғы Еуропаның социалистік елдеріндегі сауықтыру кешендерін, ұйымдастыру дәстүрі, табиғи-климаттық емдеу ерекшеліктері жеткілікті, әрі қарай жетілдіру үшін, заманауи құрылыс тәсілдері пайдалануда.

Азиядағы сауықтыру аймақтары да қазірдің өзінде өте танымал. Қытай, тибет медициналары үлкен атаққа ие, шығыс медицинасы көбінесе тиімділігімен еуропа медицинасынан айрықшаланады. Азияда сауығу шөптері, акупунктура, мануальная терапия, көптеген массаж түрлерімен ерекшеленеді. Осыған байланысты, Азия сауықтыру аймақтары архитектуралық көрінісімен еуропадан өзгеше болып саналады. Азия медицинасының негізгісі: қытай және тибет медицинасы, олар ерте кезден бері, ағзаға селбесу арқылы тұтасуды қолдануы бойынша қызықтырады. Себебі бұл жергілікті дәрігердің құпиясы, табиғаттың ерекшелігі – Тибет және Қытай флора биік тау жыныстары ерекше қасиетті, сонымен қатар, неше түрлі табиғи түрлері өсіріледі, ешқандай жылыжай және жасанды тыңайтқыштар қолданылмайды. Бангкок король Рама V жоспары бойынша

XIX ғ. аяғы- XX ғ. басында 1932 ж. ірі көптеген сауықтыру кешендеріне байланысты ғимараттар салынған.

Арал және Тайланд жағалауларын азияттық ривьера деп атайды. Өзінің ерекше географиялық күйі арқасында (жабық шығанақ, айналасында таулар), жыл бойы келем деушілерге тартымды.

Бұл жерде тамаша қонақ үй жүйелері және демалуға да, сауығуға да барлық мүмкіндік жасалған. Негізгі табиғат көрінісі сипатын сәнді белестер орманы алып тұр. Барлық жағалау арал бөлігі – бұл жағажай, жағалау шығанағы, және шығанақ ағыстары.

Словакияны неміс сауықтыру аймағы мектебін ұйымдастырушысы, ізбасары деп айтуға болады. Словакияның Солтүстік-шығыс бөлігінде бальнеологиялық курорт Брайдейов орналасқан, «тыныштық және тыным алу жазира алқабы» деп аталады. Бұған сауықтыру аймағының жоспарлау мен архитектуралық шешімдері жақсы мүмкіндік туғызады. Бұдан басқа, біздің отандастар баратын словакия курорттары Дубнице, Слиач, Брусно және тағы да басқалары бар.

Германия аумағында 300 тақау сауықтыру аймақтары орналасқан. Баден Вюртемберг жері Штутгарт астанасымен 60 тақау сауықтыру аймақтары көзімен және өзіндік микроклиматымен таңқалдырады. Ең танымал курорт, Шварцвальдта орналасқан «Қара» ормандағы- Баден. Бұл жерде инфрақұрылымы дамыған жоғары дәрежедегі қызмет көрсетуімен, өте сирек архитектуралық көрініс нысандары, көптеген келушілердің қызығушылығын арттырады.

Гессен жерінде 32 курорт орналасқан, әлемдік танымалдылығы Висбаденге тиесілі. Германияда көп климатикалық шипажайлардың орналасқан жерлерінде тау және орман басым. Жыл сайын Германия шипажайлары 1 млн. астам туристерді қабылдайды. Неміс сауықтыру кешендері бағдарлама ұсыныстары Австрия, Франция, Бельгия, Люксембург, США және Канада тағы да басқа елдер сұранымына ие.

Түркияның сауықтыру кешендері – әр өңірдің таңдаулы және богемаларының сүйікті демалу орны болып табылады. Түркиядағы сауықтыру кешендерінің танымалдылығы жергілікті кәсіпкерлерге естен кетпейтін жағдайда, әсіресе мәдениет және тарихи нысандар, демалушыларды қызықтырады. Кемерден жақын жерінде, көне қала Олимптың ескі орындары қалған. Біздің ғасырға дейін 3 ғасырда пайда болған қала теңіз қарақшыларына пана болды. Қаланы жер сілкінісінің қиратқанына көптеген жылдар өтсе де, бұл жерлерде сынған монша және райхандар, сонымен қатар, көптеген құлпытас және тастабыттардың үйінділері сақталған. Түркия сауықтыру аймағына келушілерді тарихи аймақтармен және жергілікті халық мәдениетімен таныстырады. Осындай сәттерде сауықтыру аймақтарының ұйымдастырулары бұл елдің ерекшеліктерінің негіз болып табылады. Бұл аймақтың табиғи, мәдени және ұлттық байлықты пайдалану жағымды мысалы болып, келушілер үшін сауықтыру үшін ғана емес, сонымен қатар, эстетикалық және рухани-адамгершілікке баулуды міндеттейді.

Өте ірі және әлемге белгілі чех шипажайы – Карловы Вары, елдің батысында орналасқан. Бұл елдерде сауықтыру кешендері XVғ. қалыптастырылған, бұл аймақта келушілер тек қана емделмей, сонымен қатар, қаланың бай тарихымен және мәдениетімен таныса алады. Бұған дамыған қонақ үй жүйелері және көптеген жоғары дәрежедегі қызмет көрсету нысаналары себеп болады. Бұл жерлерде кезінде Гоголь, Тургенев, Гончаров, Зигмунд Фрейд, Карл Маркс, Петр I, Бетховен, Бисмарк, Шиллер, Гете және т.б. атақты ғалымдар мен белгілі тұлғалар дем алған. Карловы Вары бүгінде бес құрлық елінен келушілерді қабылдайды. Шипажайға Қазақстандық туристер үлкен сұранымға ие. Чехияның батыс жағында орналасқан Франтишковы Лазне курорты да белгілі. Бұл 1792 ж. негізделген бірден-бір көне әлемдік маңызы бар болып есептеледі. Сонымен қатар, Марианске Лазне курорты Батыс-чех үшбұрышына кіретін, әлемдік танымал жер. Чехия аумағында сауықтыру нысандары көлемді-жобалау шешімі, олардың міндетті ұйымдастыруы, табиғи-рекрециялық қорларын пайдалану дәрежесі, жағымды мысал ретінде біздің елдегі сауықтыру аймақтарына пайдаланылуына болады [1-2].

Қазіргі таңда, Чехия, Словакия, Германия еуропалық сауықтыру туризмінің үлкен үлесін бақылап отыр. Чехия жетекші еуропалық елдер тізімін басқарады. Ұлттық басқару мәліметі бойынша, Чехияны жыл сайын 50 мың адам, 70 елден емдеу-сауықтыру аймағына, және 2 млн. келушілер спорт-сауықтыру аймағын пайдалану үшін келеді екен.

Қазіргі уақытта сауықтыру кешендерінің жақсы дамыған жерлері Франция (100 түрлі нысандар), Германия, Австрия, Чехия, Венгрия, Болгария және Румыния, Турция, Орталық Азия. Бұл елдерде өнеркәсіп кең дамыды, сауықтыру аймағын коммерциялық негізге айналдырды. Қазақстан республикасы аумағында экологиясы таза көрініс бар, үлкен әлеуетті дамытуға және сауықтыру кешендерін тиімді пайдалануға мемлекетіміздің күш-қуаты жеткілікті [2].

Қазақстандағы шипажай жұмысының ұйымдастырылуының жаңа кезеңі кеңес дәуірі кезінде басталды. Кеңес одағының ыдырауына дейін санаторлы-шипажай түрінде қалыптасып халыққа қызмет көрсетті. Өзіндік міндеті одақтық топ жүйесі денсаулық сақтау және 4 негізгі бағыттары: мұрагерлік, қол жетімділік, профилактикалық бағыт және кешенді тәсіл.

Даму көзі бойынша және қызмет көрсету жағынан емдеу-сауықтыру кешені мемлекеттік мекемелер болып саналды. Бұл жаңа құрылыс жұмыстарын қаржыландыруға, демалу аймақтарындағы нысандарды күрделі жөндеу және қайта құруға, негізгі қорды толықтыруға мүмкіндіктері болды. Емдеу-сауықтыру қызметі тұрғындардың барлығына қолжетімді болды, сауықтыру кешенге деген сұраным ұсынысы артып кетті. 1992 ж. реформа сауықтыру кешенінің бұрынғы жұмыс істеу негізін бұзды. Әлеуметтік сақтандыру қаражаты кәсіподақ басқаруынан шығартылды, бұнымен қоса жолдамаларды үлестіру және емдеу-сауықтыру аймағындағы демалушыларға өтемақы төлеу міндетінен босатылды. Құрылған әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорлары, өз кезегінде, емдеу-сауықтыру және спорт-

сауықтандыру аймақтарына қаржы бөлуді тоқтатты, сондықтан олардың қайта толықтыруларына және жағдайын жақсартудан айырды. Кеңес одағы дәуіріндегі шипажай ғимараттары, сауықтыратын орындар, және спорт орталығы, кешендерін қирауына әкеліп соқты. Солтүстік Қазақстан аумағында көптеген емдеу-сауықтыру кешені өз қызметтерін тоқтатып, осы күнге дейін қалпына келтірілмеген. Көбінесе бұндай аймаққа Шалқар көлі мен Бурабай аумағындағы балшықпен емдеу және демалу кешендері жатады. Зеренді және Бурабайдағы сауықтыру аймақтары қазіргі таңда жартылай қалпына келтірілді, инфрақұрылым және қызмет көрсету жүйесі жетерліктей деңгейге жеткен жоқ.

Алғашқы кездері шипажай саны тек балаларды емдеуге бағытталған болатын. Қала сырты аймағында Бурабай, Алесеевка, Макинка және де басқа Солтүстік Қазақстан аумақтарында санаторлы-шипажай кешендері және жазғы балалар лагерлері ашылды [4].

Солтүстік Қазақстан аумағын бүтіндей даму жағынын алғанда, сауықтыру аймағын игерілмеген деп санауға болады. Мәдени- сауықтыру кешендерінің дамуының маңыздылығын анықтап қазіргі қоғамға көрсетуге, сонымен қатар ауқымды түрде нарықты зерттеп сауықтыру демалу және спорт-сауықтыру уақыты, және ауқымды түрде әлемдік үлгі қызмет көрсетуін енгізу қажет. Соңғы 10 жылдың ішінде отандастарымыздың сауықтыру аймақтарына алыс және жақын шет елдерге баруы шамамен 30% өсті. Бүгінде спорт-сауықтыру туризмі шыныда кең аумақты өсуде. Спорт-сауықтыру туризмін қалыптастандыру барысы әлемдік нарықта белсенді жалғасуда деп айтуға болады.

Әдебиет тізімі

1. Гуляев, В. Г. Организация туристической деятельности [Текст] / В.Г. Гуляев. - М.: Нолидж, 1996. - 312 с.
2. Strickland, A. and Hadjiyanni, T. (2013), "My School and Me"—Exploring the Intersections of Insideness and Interior Environments. *JournalofInteriorDesign*, 38: 17–35
3. Курдиани А.З. Жобаның және құрлыстың теңіздік кешендік демалысы (Грузияның Қаратеңіз жағалауындағы құрлымы)./ Тбил. ЗНЙЭП, Тбилиси: 1994. - 238 б.
4. Стаускас В.П. Градостроительная организация районов и центров отдыха. – Л.: Стройиздат, 1997. – 163 с.